ИНФОРМАТИКАНЫҢ КЕЛЕШЕГІ ЗОР

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Информатика кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., доцент Ахмед-Заки Д.Ж., Урмашев Б.А.

Мемлекетімізде ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық көптеген бағдарламалардың сәтті орындалуы кемелденген қазіргі кезеңде білім беру мен ғылыми жүйелерінің сапасын арттыру мәселесі өзекті екені баршамызға аян болса керек. Осыған орай білім мен ғылым саласында жүзеге асырылып жатқан және болашағы зор барлық түрлендірулер мен шаралардың басты мақсаты – өз елімізді жоғары білімді, салауатты және прогресшіл ұлттық қоғам ретінде қалыптастыру.

«Development of Curriculum for Master Degree Programme in Computer Science and Computer-based Learning in the Institute of Mechanics and Mathematics of al-Farabi Kazakh National University» тақырыбы бойынша TEMPUS-TACIS халықаралық жобасы ақпараттық технологиялар аймағындағы жетекші Еуропалық ЖОО-мен атап айтқанда Ұлыбритания, Испания және Швеция университеттерімен мықты байланыс орнатуға мүмкіндік берді. Бүгінгі күнге дейін осы жоба шеңберінде 2006 жылдан бастап информатиканың мамандығы бойынша Мемлекеттік білім беретін стандарттарына енгізілген, төмендегідей пәндер жүргізіледі: объектіге-бағытталған бағдарламалау, параллельді есептеулер, нақты уақыт жүйелері, биоинформатика, сенімділік және тұрақтылық теориясы және т.б.

Қазіргі кезде информатика кафедрасының оқытушылары, магистрлері және PhD докторлары «CANDI: e-Learning және қайта даярлау үшін оқу инфрақұрылымы мен құзіреттілігін қалыптастыру» Халықаралық TEMPUS жобасына Австрия, Ұлыбритания, Германия және Өзбекстан университеттерімен қатар бірлесе жұмыс істеуде. Жобаның негізгі мақсаты электронды оқыту және қазіргі заман талабына сай мамандарды қайта даярлау үшін инфрақұрылымдарды өңдеу, сонымен қатар электронды оқыту ортасына байланысты оқу бағдарламалары мен ондағы курстарды енгізуге қажетті дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

2010 жылдан бастап информатика кафедрасының оқытушылары ақпараттық жүйелер кафедрасымен бірге «ERAMIS: Информатика - екінші құзыреттілік» Халықаралық TEMPUS жобасына қатысады. Бұл жобада еуропалық бірлестіктің елдерінің университеттері де қатысады, олар: Испания, Финляндия және Польша, сонымен бірге Ресей, Қазақстан және Қырғызстан университеттері. TEMPUS ERAMIS - оқу процесіндегі жаңа ұйым, нәтижесінде магистранттар екінші құзыреттілік – информатика біліктілігін алады. ERAMIS бағдарламасы бойынша магистранттар тек мамандығы бойынша ғана емес, олар ақпараттық технологиялар саласында білім мен дағды алуына мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, ЖОО-дағы IT сабақ берудің сапасын жоғарылату мәселелері еліміздің өндірістік-техникалық кешенінің ғылымға бағытталуын қабылдау бағдарламаларының орындалуының тиімділігі, сонымен қатар отандық өндірушілер мен ғалымдардың өңдеулерінің инновациялық сипаттамалары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының іргелі негізін қалыптастыру бірінші кезекке қойылуындағы қоғамның сәйкес сұраныстары мен талаптарына тікелей байланысты. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ механика-математика факультетінің информатика кафедрасы осы атап өткен бағыттар бойынша белсенді еңбек етуден талмай келеді.